

Электронды банк қызметтерінің тізімі

Осы құжатта пайдаланылатын терминдер:

Банк – филиалдарын қоса алғанда, «First Heartland Bank» АҚ.

Шарт – «Internet Banking» жүйесі бойынша Клиенттерге қашықтықтан банктік қызмет көрсету шарты.

Клиент – Шарт жасасқан заңды тұлға.

Жүйе – Шартқа сәйкес Интернет желісі арқылы электронды банктік қызметтерін ұсынуға мүмкіндік беретін (бағдарламалық жасақтаманы қоса алғанда) бағдарламалық кешен.

Электронды банктік қызметтер – Банктің Клиентке банктік қызметтерді Жүйе арқылы Интернеттің көмегімен қашықтықтан ұсынуымен байланысты қызметтер.

Электронды банктік қызметтер тізімі:

Банктің Клиентке ұсынатын электронды банктік қызметтеріне келесілер жатады:

1. Ақпараттық банктік қызметтер:

- Клиенттің Банкте ашылған банк шоттарының болуы және олардың нөмірлері туралы ақпарат ұсыну;
- Клиенттің Банкте ашылған шотындағы ақша қалдығы мен қозғалысы туралы ақпарат (үзінді көшірме) ұсыну;
- қажетті өзгерістерді енгізуді қоса алғанда, төлемдерді алушылардың анықтамалықтарын баптау;
- төлемдер мен аударымдар тарихын қарап шығу;
- болашақта бір типті төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру үшін үлгілер жасау;
- қауіпсіз қосылыстар арнасы арқылы электрондық хабарламалардың көмегімен Банкпен байланыс орнату (Банк жауабының мерзімі мен тәртібі Банктің ішкі рәсімдерімен анықталады);
- Банктен хабарламалар қабылдау.

2. Транзакциялық банктік қызметтер:

- өзінің банк шоттарынан төлемдер мен ақша аударымдарын жергілікті және шетел валюталарында жүзеге асыру;
- шетел валютасын сатып алу мен сатуды жүзеге асыру;
- Жүйе арқылы ұйғарынды амалдар бойынша лимиттерді белгілеу, атап айтқанда: Клиенттің шоттарынан аударымдар жасау бойынша жеке лимиттер, сондай-ақ қолтаңбалардың күрделі қиыстырулары.